1.3. Қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы Стандартты талаптарға сәйкес, Қарыз алушы Банкпен жасалған кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша Қарыз алушының Банктің алдындағы міндеттемелерінің орындалуын Қамтамасыз етуге берілген Банктің заңды иеленуіндегі кез келген мүлікті (оның ішінде ақшаны) ұстап қалуға Банк құқылы, ал Қарыз алушы мұнымен сөзсіз келіседі.

1.4. Банк Клиенттің ол туралы ақпаратты кредит бюросына беру және кредиттік есепті беруге келісімін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталығы (МЗТО) беретін жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылатын міндетті зейнетақылық жарналарының орташа сомасы туралы ақпаратты алуға келісімін бірнеше рет қолдануға құқылы.

2. ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР

2.1. Қарыздың Қарыз алушының жоғары кредит төлеуге қабілетті және сенімді болған жағдайда берілетіндігімен Қарыз алушы сөзсіз келіседі. Бұл ретте Банк Қарыз алушы басқа банктерден және банктік операциялардың жекелеген түрлерін іске асыратын ұйымдардан алған қарыз қаржысының көлемі шегерілген Қарыз алушы активтерінің орташа жылдық құнынан асатын жалпы сомаға Қарыз беруге құқылы емес. Қарыз алушы активтерінің орташа жылдық құны есептік жылдың басынан бастап Қарыз алынатын күнге дейін есептеледі.

2.2. Қарызды пайдалану мерзімі БҚШ-да анықталады. Қарызды пайдалану мерзімі Қарыз берілген күннен басталады және Қарызды қайтарған күні аяқталады. Қарыздың берілген күні

Қарыз алушының несиелік шотында Қарыздың берілуі бойынша операциялардың бейнеленген күні болып табылады (бұдан әрі – Қарыз берілген күні). Қарызды өтеу күні Банктің банктік шотына қолма-қол ақша қабылдау және/немесе ақшаны есепке аудару күні болып есептеледі.

2.3. Қарызды өтеу кестесіне сәйкес өтеген жағдайда, жабылу күні кесте бойынша анықталған соңғы өтеу күні аяқталатын болады. Мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, Банктің АБАЖ-ға ақша түскен күні, Қарыз алушы анықтаған күн соңғы өтелген күн болып есептеледі.

2.4. Сыйақы, Қарыздың берілген күні және Қарыздың қайтарылған күні есеп айырысу кезінде бір күн деп қабылданады. Бұл ретте жыл 360 күнтізбелік күнге, ай – 30 (отыз) күнге тең деп есептелетін болады. Қарызды қайтару мерзімін және Сыйақыны есепке алу мерзімін есептеу қарызды берген күннің келесі күнінен басталады.

2.5. Сыйақы есептеу Қарыз алушының Қарызды қайтару бойынша міндеттемелерді толығымен, оның ішінде мерзімінен бұрын, орындалатын күннен кейінгі келесі күні тоқтатылады. Егер Қарыз алушы осы БҚШ бойынша іске асыруға міндетті кез келген төлемді өтеу мерзімі жұмыс күні болып табылмайтын күнге келсе, мұндай төлем тұрақсыздық айыбы және айыппұл санкцияларының басқа түрлері төленусіз, мұндай күннен кейінгі келесі жұмыс күні жүргізілуі тиіс.

2.6. Сыйақының Жылдық Тиімді Мөлшерлемесінің мөлшеріне әсер ететін және Банк комиссия алатын клиенттердің төлемдерінің тізімдемелері БҚШ-ға №3 қосымшада келтірілген.

2.7. Қарыз алушы БҚШ бойынша төлемдерді іске асырғанда төлем құжаттарында БҚШ тіркеу нөмірлерін көрсетуге, сондай-ақ мұндай төлем құжаттарын БҚШ әрекет ету мерзімі аяқталған күннен бастап (БҚШ бойынша міндеттемелер толық орындалғанда) 90 (тоқсан) күнтізбелік күн бойы сақтауға міндетті.

2.8. Қарыз алушы БҚШ бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Қарыз алушы Банктің бірінші талап етуі бойынша Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, 10 (он) күнтізбелік күн ішінде келесілерді ұсынуға міндетті: (1) Банкке Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуын Қамтамасыз етуге үшінші тұлғаның кепілдігін және/немесе кепілге беру және Банкпен тиісті кепіл шартын жасау; (2) өз есебінен тіркеуші органда кепіл құқығын мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз ету және Банкке тіркеуші органның тиісті белгісі бар Қамтамасыз ету шартын беру.

2.9. Шарттың Тараптарының әрқайсысы БҚШ талаптарына сәйкес, екінші Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және басқа ақпараттың қатаң құпиялылығын сақтауға міндеттенеді. Осындай ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе жария ету тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен ғана, сондай-ақ Стандартты талаптарда, БҚШ-да және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған жағдайларда мүмкін болады. Осы тармақтың әрекеті Банктің құпия ақпаратты осы БҚШ бойынша талап қою құқығы берілетін үшінші тұлғаларға беретін жағдайға таратылмайды. Қарыз алушы осы арқылы БҚШ бойынша құпия ақпаратты көрсетілген тұлғаларға осылай берумен Банктің БҚШ бойынша талап қою құқығын үшінші тұлғаларға беруіне өз келісімін береді.

2.10. Қарыз алушы осы арқылы Банктің банктік құпиядан тұратын және Қарыз алушыға қатысты мәліметтерді анықтау және алдын ала тергеу органдарына, прокурорларға, соттарға, салық, кеден органдарына, атқарушы өндіріс органдарына, мерзімі кешіктірілген Берешекті сатып алу бойынша қызметті іске асыратын заңды және жеке тұлғаларға, сондай-ақ Қарыз алушы БҚШ бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ Банктің қоймаларында осындай мәліметтерді сақтауға көмектесуді жүзеге асыратын ұйымдар бойынша мерзімі кешіктірілген берешекті өндіру мақсатында басқа үшінші тұлғаларға беруіне келісім береді.

2.11. Кредит бюросы мен кредит тарихын қалыптастыру туралы заңнамаға сәйкес Қарыз алушы Банкке осы арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тәртіпте және талаптарда кредит бюросының деректер базасына енгізу үшін Банктің Қарыз алушы туралы және осы Шартты жасау туралы мәліметтерді, Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаумен байланысты ақпараттарды (оның ішінде құрамы және Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету әдістері туралы) беруге және Банктің Қарыз алушы туралы кредит есептерін алуға келісімін береді. Қарыз берушінің, кепілдік берушінің/кепілгердің (бар болуында), тиісті өзге тұлғалардың жазбаша келісімі БҚШ және

Кепіл шарттарын (Банктің алдындағы Қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз етудің өзге тәсілдері туралы шарттар) жасаған күннен кешіктірілмей, заңнаманың талаптарына сәйкес ресімделеді.

2.12. Стандартты талаптар/БҚШ бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Қарыз алушы осы арқылы Банкке үшінші тұлғаларға Қарыз туралы ақпараттарды, оның ішінде Қарыз алушыны жағымсыз тарихы бар адал емес борышкерлер тізіміне енгізу үшін беруге келісімін береді.

2.13. Қарыз алушының Стандартты талаптар, БҚШ бойынша міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және Стандартты талаптарда, БҚШ-та қарастырылған әсер ету шараларының бәрін қабылдауға құқылы, мыналарды қоса: Берешек сомасын Қарыз алушының барлық банктік шотынан акцептісіз алып алу; тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) алу; қамтамасыз ету мәнінен, кепілдік сомасын қоса (Банктің талап етуі бойынша мұндайлар бар болған кезде) құн өндіру; кепілге салынған мүлікті соттан тыс сату (Банктің талап етуі бойынша мұндайлар бар болған кезде); Банкке салынған ақшаны меншікке айналдыру (Банктің талап етуі бойынша мұндайлар бар болған кезде); Қарыз алушы Банкпен жасаған басқа азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша берген мүлікті ұстап қалу; Қарызды мерзімінен бұрын қайтару және Сыйақыны мерзімінен бұрын өтеу бойынша талап; шығындардың, залалдардың, зияндардың орнын толтыру туралы талап; Қарыз алушының жұмыс берушісін бұл факті туралы хабардар ету; сот органдарына мемлекеттік бажды, сот және басқа шығыстарды Қарыз алушы есебіне жатқыза отырып, мерзімі кешіктірілген Берешекті мәжбүрлеп өндіру туралы өтініш жасау; Қарыз алушының кез келген мүлкінен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен құн өндіру, сондай-ақ басқа заңдық/шарттық әсер ету шаралары.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. Банктің құқықтары:

1) Келесі жағдайларда Қарыз алушыға Қарыз беруден бас тарту:

– Қарыз алушыға берілген соманың мерзімінде қайтарылмайтындығын анық куәландыратын жағдайлар болғанда;

– Қарыз алушының қаржылық жай-күйі нашарлағанда;

2) Қарыз алушының қаржылық жай-күйін тексеруді кез келген уақытта жүргізу.

3) Қарыз алушыдан кредит досьесін қалыптастыруға қажетті құжаттарды беруді талап ету, сондай-ақ Қарыз алушыдан Банк Стандартты талаптардың/БҚШ қолданылу мерзімінің ішінде кез келген уақытта қажет деп есептейтін кез келген құжаттама мен ақпаратты талап ету.

4) Егер Банк Қарыз алушының шоттарынан оның Берешегін жоюға акцептісіз тәртіппен тиісті Қарыз валютасынан ерекшеленетін валютамен ақша алған жағдайда ақшаны айырбастау. Қарыз алушы осы арқылы мұндай ақшаны Банк ақша айырбасталатын күні белгілейтін Қарыз валютасын сатып алу бағамы бойынша айырбастауға және Банкте, Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жердегі басқа банктерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін іске асыратын ұйымдарда ашылған Қарыз алушының кез келген банктік шоттарынан ақша айырбасталғаны үшін алынатын комиссия сомаларын Қарыз алушының қосымша акцептісіз (келісімінсіз) алып алуға келісімін береді;

5) Қарыз алушы қырық күнтізбелік күннен астам мерзімге Қарыздың кезекті бөлігін өтеу және/немесе Банкке Қарыз бойынша тиесілі Сыйақыны төлеу мерзімін бұзған жағдайда, Қарыз алушыдан БҚШ міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындауын және негізгі борыш қалдығын қайтаруды, Сыйақыны және БҚШ бойынша басқа Берешекті төлеуді талап ету.

6) Қарыздың жалпы сомасына комиссиялар және сақтандыру сыйлықақыларының сомасы қосылған жағдайда, ақша аударылғанда аудару сомасынан Банкке осы Шарт бойынша тиесілі комиссия сомасын және әрі қарай сақтандыру компаниясының (компанияларының) пайдасына аудару үшін сақтандыру сыйлықақыларының сомасын алып алу.

7) Мерзімі кешіктірілген Берешек туындаған әрбір жағдайда қарыз алуға Өтініште нөмірлері көрсетілген телефондар бойынша Қарыз алушыға хабарлау.

8) БҚШ талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай бір жақты тәртіппен өзгерту.

9) Қарыз алушы ай сайынғы төлем сомасынан асатын соманы (Қарыз алушының жұмыс берушісі/Қазпошта АҚ) төлеген жағдайда, Банк мұндай айырмашылықты Қарыз алушының болашақтағы төлемдерінің есебіне алуға не мерзімі кешіктірілген берешек (бар болуында) есебіне

алуға құқылы.

3.2. Қарыз алушының құқықтары:

1) Қарызды пайдаланған нақты күндерінің саны үшін Сыйақы төлеп, осы Стандартты талаптардың (тұрақсыздық айыптары туралы, демалыс/мереке күндері туралы және т.б.) ережелерінің есебімен, Қарызды/Қарыз бойынша Берешекті (ішінара немесе толық көлемде) кез келген уақытта өтеу.

2) БҚШ жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде, сондай-ақ Қарыз алған күннен бастап бір күнтізбелік жыл аяқталуы бойынша Қарызды Қарыз берген күннен бастап Банк есептеген Сыйақы төлеумен Қарызды қайтару; бұл ретте Банкке Қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыппұлы мен айыппұл санкцияларын төлемейді.

3) Өтініш бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз, бірақ кемінде айына бір рет жазбаша нысанда БҚШ бойынша борышты өтеу есебіне кезекті түсетін ақшаны бөлу (негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа төленуі тиіс сомаларға) туралы ақпаратты алу.

4) Банкке БҚШ бойынша берілген ақшаны ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініш бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз жазбаша нысанда негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсете отырып, төленуі тиіс басқа сомаларға бөлінген қайтарылуы тиіс соманың мөлшері туралы мәліметті алу.

5) Алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындағанда Банкке жазбаша өтініш жасау және жауапты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген мерзімде алу.

6) Жұмыс берушіге БҚШ бойынша Банктің алдындағы Берешегін өтеу шотына Өтеу кестесіне сәйкес ай сайынғы төлем сомасын жалақыдан ұстауға және/немесе есептеу күнінде уәкілетті жұмыс берушіге жазбаша өтініш беру және осындай соманы Қарыз алушының атынан Банктің шотына аудару.

7) Банкке БҚШ бойынша Қарыз беру туралы Өтініште көрсетілген жеке басын куәландыратын мәліметтер, шарттың нөмірі және кодтық сөз хабарланған кезде, БҚШ бойынша ақпаратты ауызша немесе жазбаша нысанда алу.

8) Егер негізгі борыш немесе Сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күндеріне түсетін болса, төлемді одан кейінгі келесі жұмыс күні жүргізеді.

4. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Банк міндетті:

1) БҚШ-да белгіленген жағдайларда қарыз берілген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде есептелген сыйақыны ұстай отырып, тұрақсыздық айыбын немесе қайтарылғаны үшін айыппұл санкцияларының басқа түрлерін ұстамай, Қарызды қабылдау.

2) Қарыз алушының өтініші бойынша үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз, бірақ кемінде айына бір рет жазбаша нысанда Шарт бойынша борышты өтеу есебіне кезекті түсетін ақшаны бөлу (негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және басқа мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсетумен төленуі тиіс сомаларға) туралы ақпаратты беру.

3) Қарыз алушының өтініші бойынша Банкке БҚШ бойынша берілген ақшаны ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақысыз жазбаша нысанда негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және мерзімі кешіктірілген төлемдерді көрсете отырып, төленуі тиіс басқа сомаларға бөлінген қайтарылуы тиіс соманың мөлшері туралы мәліметті алу.

4) Қарыз алушыға міндеттемелерді орындау мерзімі кешіктірілгендігі және шарт бойынша төлемдерді төлеу қажеттігі туралы Қарыз беру туралы Өтініште көрсетілген телефондар бойынша немесе SMS-хабарлама түрінде пошталық курьерді немесе факсимиле хабарламасын, электрондық хабарлама арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған барлық өзге тәсілдермен хабарлау.

5) Қарыз алушының жазбаша өтінішін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген мерзімде қарастыру және дайындау.

6) БҚШ бойынша құқықты (талап қою) үшінші тұлғаларға бергенде үш жұмыс күні ішінде бұл туралы Қарыз алушыға (оның уәкілетті тұлғасына) берілген талап қою құқығының толық көлемін, негізгі борышқа, Сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына, айыппұлдарға және төленуі тиіс басқа сомаларға бөлінген ағымдағы және мерзімі кешіктірілген қалдықты көрсете отырып, сондай-ақ Қарызды өтеу бойынша бұдан кейінгі төлемдер мақсатын – Банкке немесе талап қою құқығы берілген тұлғаны хабардар ету.

7) Қарыз бойынша соңғы төлем жасау сәтінде БҚШ бойынша ағымдағы және мерзімі кешіктірілген берешек жоқ болған жағдайда, Банк Қарыз алушының жазбаша өтініші негізінде артық төленген соманы Қарыз алушыға қайтаруға міндетті. Ақшаны қайтару ақшаны Қарыз алушы шотына банктік аударым жасау арқылы жүргізіледі. Бұл ретте Банк қайтарылуы тиіс сомадан банктік шығыстарды ұстап қалуға құқылы.

8) Банкке тыйым салынған:

– Қарыз алушымен БҚШ жасалған күні белгіленген тарифтерді, комиссиялық Сыйақыларды және Қарызға қызмет көрсету бойынша басқа шығыстарды бір жақты тәртіппен ұлғайту жағына өзгертуге.

– Бір жақты тәртіппен БҚШ шеңберінде комиссиялардың жаңа түрлерін енгізуге.

– Қарыз алушының, кепіл берушінің сақтандыру ұйымын және (немесе) таңдауын шектеуге, сондай-ақ Қарыз алушыға өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге.

– БҚШ бекіткен күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен бастап және Қарыз алынған күннен бір жылға дейін ішінара және толық мерзімінен бұрын өтеуді қоспағанда, қарыздардың ішінара мерзімінен бұрын өтелгені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін алуға;

– Негізгі борыш немесе Сыйақы төленетін күн демалыс немесе мереке күніне келетін болып, сыйақы немесе негізгі борыш келесі жұмыс күні төленетін болса, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін алуға.

4.4. Қарыз алушының міндеттері:

1) Қарыз талаптарын – мерзімділік, қайтарымдылық және төлемділікті қатаң сақтау.

2) Банкке Қарыз алушының қаржылық жай-күйін тексеруге барынша қолғабыс көрсету.

3) Банктің бірінші талап етуі бойынша, Қарыз алушыдан кредит досьесін қалыптастыруға қажетті құжаттарды, сондай-ақ Қарыз алушыдан Банк Стандартты талаптардың/ БҚШ әрекет ету мерзімі ішінде кез келген уақытта қажет деп есептейтін кез келген құжаттама мен ақпаратты беру.

4) Осы Стандартты талаптарда/БҚШ-да қарастырылған толық көлемде, түрде, мерзімде, тәртіппен және мөлшерде Қарызды төлеу және ол бойынша есептелген Сыйақыны, сондай-ақ басқа төлемдерді өтеу.

5) Банк Қарызды және Стандартты талаптар/БҚШ талаптарына сәйкес есептелген Сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап еткенде, Банк талабын алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Банктің көрсетілген талабын орындау.

6) Банкті 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде мекенжайының өзгертілгені туралы, Шартқа қоса берілген Өтініште көрсетілген басқа мәліметтерді қоса және/немесе Қарыз алушының жұмыс берушімен еңбек шартын бұзғаны немесе тоқтатқаны туралы және / немесе Қарыз алушының БҚШ бойынша кезекті төлемді өтеуге ақшасының жоқ екендігі туралы және/немесе Қарыз алушының қандай да бір соттық процеске тартылғандығы туралы және/немесе Қарыз алушының мүлкіне тыйым салынғандығы және/немесе ауыртпалық салынғандығы (немесе мұндай жағдайдың туындауына нақты қауіп бар екендігі) туралы; БҚШ бойынша міндеттемелердің орындалуы үшін тәуекелдің туындағаны туралы. Сондай-ақ үшінші тұлғалар олардың алдындағы Берешек сомасынан 50 (елу) пайыз және одан асатын сомадағы міндеттемелерін орындау туралы Қарыз алушыға талап қойған жағдайда Банкті Қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін уақытында орындауға әсер ететін барлық жағдайлар туралы уақытында хабардар ету.

7) Қарыз алушы БҚШ бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Банкке тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу.

8) Банкті 7 күнтізбелік күн ішінде басқа банктерде банктік шот ашылғандығы, сондай-ақ кез келген кредиторлық Берешектің бар екендігі және оның мөлшері туралы хабардар ету.

9) Стандартты талаптар/БҚШ бойынша міндеттемелерін Қарыз алушының кез келген үшінші тұлғалар алдындағы барлық басқа міндеттемелерге қатысты бірінші кезекте орындау.

10) Банктің жазбаша талабын алған сәттен бастап БҚШ-ға қол қоюмен және орындаумен байланысты барлық шығыстарды және/немесе Банк Қарыз алушының БҚШ бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау нәтижесінде шеккен, сондай-ақ Стандартты талаптарда/БҚШ-да белгіленген басқа шығыстарды Банктің жазбаша талабын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде төлеу.

11) Қарызды алған сәтте, сондай-ақ басқа жағдайларда Банк берген және Қарыз алушыға қолайлы Өтеу кестесіне қол қою, оған сәйкес Қарызды өтеу және ол бойынша Сыйақыны төлеуді жүргізеді.

12) Барлық міндеттемелер бойынша өзінің барлық мүлкімен жауап беру (ақшаны, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, мүліктік құқықты, құқықты (талаптарды), бағалы қағаздарды, сондай-ақ Қарыз алушыға тиесілі кез келген басқа мүлікті), ол мүліктен ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес құн өндіріледі. Қарыз алушы міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда тұрақсыздық айыбын төлеу және шығындарды өтеу оны Стандартты талаптарды/БҚШ-ны орындаудан босатпайды. Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап бойынша Банк өзіне келтірілген залалды дәлелдеуге міндетті емес.

13) Қарыз алушы Стандартты талаптарға/БҚШ-ға қол қоюмен және орындаумен байланысты барлық шығыстарды, Банк комиссияларын төлеумен, сондай-ақ Қарыз алушының Стандартты талаптар/БҚШ бойынша міндеттемелерінің кез келгенін орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау нәтижесінде шеккен шығыстармен, шығындармен, залалдармен байланысты барлық шығыстарды көтереді; ал Қарыз алушы Банк белгілеген мерзімде оларды өтеуге міндеттенеді.

14) Банктің бірінші талап етуі бойынша Стандартты талаптардың/БҚШ талаптарына сәйкес (бар болуында) Қамтамасыз етуді беру және көрсетілген тармақ бойынша барлық басқа міндеттемелерді орындау, сондай-ақ Банктің бірінші талап етуі бойынша БҚШ әрекет ету мерзіміне Қарызды қайтару міндеттемелерінің орындалмау тәуекелін сақтандыру; және сақтандыру жағдайы басталған жағдайда Пайда алушы етіп Банкті белгілеу.

15) Қарыз алушы осы арқылы Стандартты талаптар мен БҚШ, сондай-ақ өзге ілеспелі құжаттарды жасауға барлық құқығы барлығына және қол қоюға толық қабілетті екендігіне кепілдік береді. Қарыз алушы қабілетті тұлға бола отырып, Стандартты талаптардың, БҚШ және өзге құқықтық құжаттардың барлық талаптарымен танысқандығын; Стандартты талаптар /БҚШ және барлық өзге ілеспелі құжаттардың ережелері оған түсінікті және ол Стандартты талаптардың талаптарына қатысты жаңылыстырылмаған екендігін растайды. Қарыз алушы өз әрекеттерінің мәнін толық шамада мойындайды, Стандартты талаптар, БҚШ және өзге құқықтық құжаттардың талаптарымен келіседі және оның талаптарын толық көлемде қабылдайды. Қарыз алушы, сондай-ақ Стандартты талаптар/БҚШ алдау, күш көрсету, қоқан-лоққы көрсету әсерінен және өзіне пайдасы аса аз талаптармен ауыр жағдайлар салдарынан жасалмағандығын растайды.

16) Кодтық сөзді үшінші тұлғаларға жария етпеу. Қарыз алушының кодтық сөзі оның кінәсінен немесе басқаша жария етілген жағдайда Қарыз алушы ең таяудағы тәуліктер ішінде Банкке кодтық сөзді жаңасына ауыстыру мақсатында бұл факті туралы хабарлауға міндетті. Бұл ретте кодтық сөзді жариялаумен байланыстырылған жағымсыз салдарлар үшін жауапкершілік көтермейді.

17) Шарт бойынша ай сайынғы төлемдер аударылғаны үшін алынатын кез келген түрдегі комиссиялар мен алымдарды төлеу шығыстарын, егер мұндай төлемдер басқа банктердің бөлімшелері немесе «Қазпошта» АҚ арқылы жүргізілсе, өз бетінше көтеру.

18) Жұмыс берушімен еңбек шартын бұзған жағдайда не кез келген себеп бойынша жалақысы түспегенде, Банкке ай сайынғы төлемдерді өз бетінше, кез келген заңды негіздерден өтеуді жалғастыру.

19) Тараптардың еркінен тыс жағдайларда, Қарыз алушының жұмыс берушісі жалақы төлеуді кешіктірсе және/немесе «Қазпошта» АҚ ұстамаса және/немесе Банкке ай сайын 5 (бес) жұмыс күнінен аса кешіктірсе, Қарыз алушы Стандартты талаптарда/БҚШ-да қарастырылған туындаған мерзімі кешіктіруді Банкті санкциялар қолдануға мәжбүрлемей, Берешекті өтеуді өз

бетінше жүргізуге міндетті.

20) Жұмыс берушімен еңбек шартын бұзған жағдайда не Қарыз алушы Стандартты талаптарда көрсетілген өтінішін кері қайтарып алғанда, немесе кез келген себеп бойынша жалақысы түспегенде, Қарыз алушы Банкке ай сайынғы төлемдерді өз бетінше, кез келген заңды негіздерден өтеуді жалғастыруға міндеттенеді.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ТАЛАПТАР

5.1. Қарыз бойынша кезекті төлемді Қарыз алушы жүргізген күні және Сыйақыны төлеу күні ақшаның Қарыз алушының шартына ақша түсу күні болып есептеледі. Осы ретте егер ақша Банкке ағымдағы күнде 16-00 сағаттан кейін қолма-қол түрінде касса арқылы түссе, Банк оларды келесі банк күні түскен деп есептеуге (және Қарыз алушы онымен сөзсіз келіседі) құқылы. Мерзімі өткен Қарыз бойынша төлем жасау және Сыйақыны төлеуді жүзеге асыру күні Қарыз алушының шартына ақша түскен күн болып есептеледі. Тараптар, осы талаптар мерзімдерді есептеу мәселелерін реттейтін азаматтық заңнаманың нормаларына (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Жалпы бөлімі) сәйкес келетіндігін түсінеді.

5.2. Тараптардың Стандартты талаптарды/БҚШ жасасуына, оны тиісті түрде орындамауына немесе оның жарамсыздығына байланысты/туындаған кез келген дау, талап немесе наразылықты Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте – Банктің қарастыруымен Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша сотта шешеді.

5.3. Шарттың барлық өзгерістері және/немесе оның толықтырулары, егер олар жазбаша түрде жасалса, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса ғана жарамды болады.

5.4. Банк Стандартты талаптарға өзгерістер мен толықтыруларды біржақты тәртіпте жүзеге асырады, бірақ оның кері күші жоқ және ол тек жаңа Қарыз алушыларға және көрсетілген өзгерістер енгізілгеннен кейін туындайтын ертеректе Стандартты талаптар мен БҚШ жасалған тараптардың құқықтық қарым-қатынастарына таратылады.

5.5. Қарыз алушы мерзімінен бұрын толық өтегенде Банкке Қарызды пайдаланғаны үшін Қарыз пайдаланылған нақты күндер санына қарай сыйақы төлейді.

5.6. Қарыз алушы БҚШ бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, осы арқылы Банкке Қарыз туралы үшінші тұлғаларға ақпарат беруге, оның ішінде Қарыз алушының атын жағымсыз тарихы бар адал емес борышкерлер тізіміне енгізу үшін келісім береді.

5.7. Қарыз алушы Банк атынан қол қою ретінде факсимиле құралдарын (қолды факсимиле не өзгемен көшірмелеу), сондай-ақ Банктің мөрінің бедерінің электрондық не өзге көшірмесін пайдаланған кезде осы Стандартты талаптар/БҚШ жасау мүмкін екендігімен келіседі.

5.8. Осы Стандартты талаптарда, БҚШ-да тікелей қарастырылмаған барлық басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

5.9. Осы Стандартты талаптар/БҚШ, оның толықтырулары мен қосымшалары бір-бірінен ажыратылмайды және бірыңғай құқықтық құрал болып табылады, Тараптар осы арқылы бұл туралы өз келісімдерін білдіреді және ол бойынша өз міндеттемелерін растайды.

5.10. Қарыз алушы БҚШ-ға қол қоя отырып, Банктің өзінің қызметкерлері мен үшінші тұлғалар – Банк серіктестері арқылы Қарыз алушыға жазбаша/ауызша нысанда, телефон немесе байланыстың басқа құралдары, GSM-технология мен электронды пошта арқылы өтініш жасауына (Берешекті өтеу мәселелері бойынша қоса алғанда) және өткізілетін маркетингтік зерттеулер немесе Банктің жекелеген өнімдері, қызметтері және кредит берудің жаңа бағдарламалары (о.і. төлем карталарына қатысты) туралы ақпарат беруіне келісім береді.

5.11. Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда Банк Қарыз алушы мұрагерлерінің берешекті мұрагерлік тәртіппен мұндай мұрагерлерге өткен мүлік құны шегінде төлеуді талап етуге құқылы.